



БАРЛЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНІҢ ДАМУЫНА КҮШ-ЖІГЕРІМДІ САЛАМЫН

→3



«ҚАЗАҚ ҮШІН ЕРЕКШЕ ҚУАНЫП ТҮРМЫН»

→4



НЕЙМАР – 30 ЖАСТА

→8

ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы 1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық апталық

qazaqsporty.kz

№4 (5355) 10 ақпан 2022 жыл

Газет бейсенбі күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

ОЛИМПИАДАНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА ҚАТЫСТЫ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БЕЙЖІНДЕГІ «ҚҰС ҰЯСЫ» ҰЛТТЫҚ СТАДИОНЫНДА ӨТКЕН XXIV ҚЫСҚЫ ОЛИМПИА ОЙЫНДАРЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫНА ҚАТЫСТЫ, ДЕП ХАБАРЛАДЫ ПРЕЗИДЕНТТІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Салтанатты ашылу рәсіміне Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев және ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен қатар Аргентина, Мысыр, Қырғызстан, Польша, Ресей, Сингапур, Түрікменстан, Тәжікстан, Эквадор президенттері, Қатар Әмірі, Босния және Герцеговина, Грекия, Моңғолия және Пәкістан премьер-министрлері, Камбоджа Королі,




Сауд Арабиясының тақ мұрагері, Абу-Дабидің тақ мұрагері, Монаконь ханзадасы, Люксембургтің Ұлы герцогы, Таиландтың ханшайымы, БҰҰ Бас хатшысы, Халықаралық Олимпияда, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Бас директоры, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы және басқа да бірқатар шетелдік ресми тұлға қатысты.

Олимпиадаға қатысушы мемлекеттер спортшыларының салтанатты шеруінде Қазақстанның Мемлекеттік туын шорт-трекші Абзал Әжіғалиев пен конькимен жүгіртіші Екатерина Айдова алып өтті. Қазақстанның ұлттық құрама командасына Қасым-Жомарт Тоқаев қол бұлғап, қолдау көрсетті.

Қысқы Олимпиадада 87 жолдама ұтып алған ұлттық

құрама сапындағы 34 спортшы жүлдеге таласады. Олар шаңғы, фристайл, тау шаңғысы, трамплиннен шаңғымен секіру, шаңғы қоссайысы, биатлон, конькимен жүгіру және шорт-трек бойынша сайысқа түседі.

16 күнге созылатын Олимпиада ойындарында спорттың 15 түрінен 109 медаль сарапқа салынады.



ЖАҢА БАСШЫ САЙЛАНДЫ

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ ҰЛТТЫҚ КҮРЕС ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАДЫ. ЖАҢА БАСШЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ СПОРТ ТӨРАФАСЫ ШАНЫҚТЫРУ ІСТЕРІ КОМИТЕТІНІҢ ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ INSTAGRAM ПАРАҚШАСЫНДА ЖАЗЫЛДЫ.

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Самат Серікқанұлы еркін күрестен спорт шебері. «Ерен еңбегі үшін» медалі, «Дене шынықтыру және спорт саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен және «Ұлттық спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» Мемлекет басшысының алғыс хаттарымен марапатталған.



Қауымдастық 2020 жылдың қаңтарында Республикалық казак күресі федерациясы, Қазак күресі халықаралық федерациясы және Дүниежүзілік казак күресі федерациясының бірігуі нәтижесінде құрылған.

Қазақ күресі қауымдастығының мақсаты – ұлттық спорт түрін республикалық және халықаралық аренада дамытып, Олимпиада бағдарламасына енгізу.

СҰРМЕРГЕНДЕР

ФУТЗАЛДАН ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫ ЕЛ ЖАНКҮЙЕРЛЕРІ ОЙЛАҒАНДАЙ БОЛМАДЫ. ӨКІНІШКЕ ҚАШЫП, ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАМЫЗ ШАЙРЕК ФИНАЛДА УКРАИНАДАН 3:5 ЕСЕБІМЕН ЖЕҢІЛІП, ЖАРЫСТАН ЕРТЕ ШЫҒЫП ҚАЛДЫ. ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ БАС ЖҮЛДЕСІН ЕКІНШІ ЖЫЛ ҚАТАРЫНАН ПОРТУГАЛИЯ ЖЕҢІП АЛДЫ. ОЛАР ФИНАЛДА РЕСЕЙДЕН БАСЫМ ТҮСТІ. ҚОЛА МЕДАЛЬ ИСПАНИЯНЫҢ ЕНІШСІНДЕ.

Қазақстан құрамасы бұл чемпионатта жүлдесіз қалса да, біз қуанатындай, мақтан тұтатын бір жайт бар. Ол ұлттық құраманың шабуылшысы Біржан Оразовтың «Еуропа чемпионатының бас мергені» атануы. Иә, Біржан осы чемпионатқа нағыз бабында келіпті.

Жалпы Еуропа чемпионатының тарихына үнілсек, Біржаннан бөлек, «бас мерген» атағына Серік Жаманқұлов та ие болған. Ол 2016 жылы Белградта (Сербия) өткен құрлықтық жарыста алты гол соғып, Мигелин, Рикардинью сияқты атағы алысқа кеткен ойыншылармен бір қатарда тұрды.

Еуропа чемпионаты 1996 жылдан бері ұйымдастырып келеді. Испания, Сербия, Ресей, Украина, Сербия және Әзірбайжан сынды санаулы ғана елдердің ойыншылары бар...

→5

БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТЖАНОВ, Бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жетекшілері, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары:	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	- жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
	- кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	464,87	1394,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
	- жеңілдікпен жазылу	14190	686,25	2058,75	4117,50	8235,00
		704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл
«Эврика пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
«Еуразия пресс»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
«Бектұрғанов»						
64190	Жеке жазылушылар үшін	507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

«ҚАЙРАТҚА» ТАҒЫ БІР «МЕССИ» КЕЛДІ

АЛМАТЫНЫҢ «ҚАЙРАТ» КЛУБЫ ӨЗБЕКСТАНДЫҚ ФУТБОЛШЫ ЖАСУР ЖАЛОЛИДИНОВПЕН КЕЛІСІМШАРТҚА ОТЫРДЫ.



«Қайрат» 19 жастағы жартылай қорғаушыны жалға алып отыр. Өйткені ол 2023 жылдың соңына дейін Ташкенттің «Локомотив» клубына тиесілі.

Жасур Жалоллидинов карьерасын 2019 жылы «Бунёдкор» командасында бастаған. Бір жарым жылда футболшы 32 матч өткізіп, 3 гол соқты. Сонымен қатар 3 нәтижелі пасы бар. Осыдан соң, 2020 жылы Мәскеудің «Локомотив» клубы өз қатарына қосып алды. Бірақ бір де бір ойын өткізбей, «Тамбов» командасына жалға

берілді. Ол жақта да ұзақ жүрмеді. Бес айда бар-жоғы бір матчқа қатысып, Өзбекстанға оралды.

Футболшыны отанында «Әндіжан» қабылдады. Ал жазда Ташкенттің «Локомотив» клубының жейдесін киген.

Жалпы, «Қайрат» өз елінде «Месси» атанып кеткен ойыншылар жинауға құмар. «Қырғыз Мессии» Гүлжігіт Әліқұлов, «Израиль Мессии» Гай Ассиулинді де алған. Сонымен қатар «Қазақ Мессии» Еркебұлан Сейдахмет те бар.

Футболшы «Қайратқа» ауысуының себебін былай түсіндірді:

– Ресейден оралған соң, бір жыл көлемінде ешқандай нұсқа қарастырмадым. Бірнеше күн бұрын «Қайраттың» ұсынысын естідім. Бірақ ауысамын деп ойламадым. Мен Өзбекстандағы карьерамды жалғастырамын деп едім. Алайда Құрбан Бердыевтің қоңырауынан кейін бәрі өзгерді. Ол мені өз командасына ойнауға көндірді.

– Шешім қабылдайтын кезде кіммен ақылдастыңыз?

– Шын мәнінде басқа клубқа ауысамын деген жоспар болмаған. Өйткені биыл Өзбекстан жастар құрамасында екі маңызды жарыс бар. Сол додаларға тыңғылықты дайындалу үшін тәуекелге барғым келмеген. Дегенмен енді «Қайратқа» ауысуға келістім.

– Қазақстандағы карьераныңдан не күтесіз?

– Бұл чемпионатта футболшы ретінде өсемін деп ойлаймын. Сосын Азия кубогына дейін жақсы бабыма келемін деп үміттенемін.

– Жеке және командалық мақсатыңызды айтып өтсеңіз?

– Әзірге жеке мақсаттарымды ойламаймын. Ал команда тұрғысынан бірінші кезекте 23 жасқа дейін Азия кубогында Өзбекстан құрамасымен топ жару. Сосын «Қайрат» сапында барынша көп трофейге ие болғым келеді.



ГУРМАНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ 4 МИЛЛИОННАН 6 МИЛЛИОНҒА ӨСКЕН

TELEGRAM АРНАСЫНДА «АСТАНА» КЛУБЫНЫҢ БҰРЫНҒЫ ФУТБОЛШЫСЫ МАРК ГУРМАНЫҢ ЖАЛАҚАСЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰЖАТ ПАЙДА БОЛДЫ.

Давид Лория бас директор болып тұрғанда клубтың штаттық кестесіне қол қойған. Бұл құжат 2021 жылдың 22 маусымында жарияланған. Онда футболшы Марк Гурманның айлығын 4 миллион 105 мың теңгеден 6 миллионға көтеру туралы бұйрық шыққан.

Сонымен қатар екінші лигадағы «Астананың» жастар командасының бас бапкері болған Константин Котовты қызметінен босатып, орнына досы Әли Әлиевті қойған. Қызығы, бұрынғы бапкердің жалақысы 550 мың теңге болса, Әлиевтің жалақысын бірден екі есеге көбейткен. Яғни 1 миллион теңге етіп бекіткен.

Давид Лория Қазақстан футбол федерациясының президентіне үміткер. Бұл сайлау 28 ақпанға жоспарланған. Осы сайлаудың қарсаңында Самат Смаков, Максим Жалмағамбетов секілді бұрынғы футболшы достарымен бірге елордада баспасөз мәжілісін өткізді. Жиында осы сұрақ та қойылды. Бірақ Давид бұл сұраққа нақты жауап бере алмады.

Футболшы Марк Гурманның әкесі Михаил Гурман 2019-2021 жылдары «Астана» клубына директор болған. Баласы былтырғы маусымда елорда командасында чемпионатта бар-жоғы 12 ойынға қатысқан. Соған қарамастан маусым ортасында оның жалақысын өсіруге не себеп болғаны тіптен түсініксіз.

Өткен жылдың соңында кіші Гурман да «Астанадан» кетті. Ол енді карьерасын Петропавлдың «Қызыл-Жар» командасында жалғастыруы мүмкін.

ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТТІГІНЕ ҮМІТКЕРЛЕР АНЫҚТАЛДЫ

28 АҚПАНДА ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЕСЕПТІК-САЙЛАУ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТЕДІ.

Осы жиында федерацияның президенті ауысуы мүмкін. Өйткені бұл жолы үміткерлер көп.

Футбол федерациясының президенті болу үшін үміткерлерді аймақтық федерациялар ұсынуы керек. Қазіргі кезде Нұр-Сұлтан қалалық футбол федерациясынан бұрынғы футболшы, жақында Nur Otan партиясының саяси кеңесіне кірген Давид Лория ұсынылған. Ал Қарағанды Әділет Барменқұловты лайық көреді. Ол «Kazakhmys Smelting» ЖШС бас директоры. «Шахтер» футбол клубы директорлар кеңесінің төрағасы. Сондай-ақ Жамбыл облысы бизнесмен, меценат Берік Қаниевке сеніп отыр. Ол Қазақстан футбол федерациясының атқару кеңесінің мүшесі. Сонымен қатар «Жас қыран» стадионы мен клубының қожайыны.

Алматыдан «Қайрат» футбол клубының директоры Қайрат Оразбеков бар. Қазақстан кәсіпқой футбол лигасының президенті Олжас Абраев президенттіктен үміткер.

Қазіргі президент Әділбек Жақсыбеков те жаңа сайлауға қатыспақ. Әділбек Жақсыбеков Қазақстан футбол федерациясын екі рет басқарған. Ең алғаш 2007-2014 жылдары тізгінді ұстады. Одан кейін 2018 жылы қайтадан президент болып сайланған.



Д.ЖАҚСЫБЕКОВ

УЕФА РЕЙТИНГІ: ФУТЗАЛДАН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ ӨЗ ОРНЫН САҚТАП ҚАЛДЫ

РИКАРДУ КАКА ШӘКІРТТЕРІ ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ ТӨРТІНШІ ОРЫНДЫ САҚТАП ҚАЛҒАН. ҚҰРАМАМЫЗДЫҢ ЕНШІСІНДЕ 2367,187 ҰПАЙ БАР.

EURO-2022-де В тобында бақ сынаған Қазақстан құрамасы Финляндия, Словения және Италия құрамаларын артқа тастап, турнирде көш бастаған болатын.

Ширек финалда жерлестеріміз Украинаға 2:4 есебімен жол беріп, жарысты аяқтады.

Жаңартылған рейтингте топ басында қазіргі Еуропа чемпионы Португалия тұр.

Екінші орынға турнирдің күміс жүлдегері Ресей, үшінші орынға EURO-2022 қола жүлдегері Испания жайғасқан.

Футзалдан УЕФА-ның жаңартылған рейтингі:

Португалия – 2693,758
Ресей – 2547,159
Испания – 2488,909
Қазақстан – 2367,187
Хорватия – 2051,042



Сербия – 2050,143
Әзербайжан – 2015,589
Украина – 2009,816
Италия – 1934,516
Чехия – 1887,535.

СЕМАК СЕНІМ АРТЫП ОТЫР

"ЗЕНИТ" КОМАНДАСЫНЫҢ БАС БАПКЕРІ СЕРГЕЙ СЕМАК ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫНЫҢ ҚОРҒАУШЫСЫ НҮРӘЛІ ӘЛІП ТУРАЛЫ ПІКІР БІЛДІРДІ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ QAZAQSPORTY.KZ СНАМПИОНАТ ПОРТАЛЫНА СІЛТЕМЕ ЖАСАП.

Нүрәлі Әліп қазіргі кезде Ресейдің «Зенит» клубымен Португалиядағы оқу-жаттығу жиынында жүр.

«Әліпті кейін сатып алу құқығымен жалға аламыз. Сонымен қатар оң қапталдағы қорғаушы Адамовпен келісімшартқа отырдық. Енді Сутормин шабуыл шебінде ойнайтын болады», – деді Сергей Семак.



Нұрғалиев былтырғы маусымда «Ақтөбе» командасында 13 матчқа қатысып, бір гол соққан. Қазақстан премьер-лигасында жалпы 118 матчта 11 мәрте мергендік танытқан. 2020 жылы «Каспийде» өнер көрсеткен. Сонымен қатар «Ақжайық», «Оқжетпес», «Алтай», «Ертіс», «Спартак» (Семей) және Болгарияның «Верея» командаларының намысын қорғаған.

Нәзілдаев тек «Қайсар» командасында ойнаған. Қазақстан премьер-лигасында бұған дейін 230 матчқа қатысып, 18 гол соққан (21 нәтижелі пасы бар).

«Зенит» клубының түлегі Кириенко Ресей чемпионатынан бөлек Литва, Армения біріншіліктерінде өнер көрсеткен.

Барановский былтыр «Ақжайық» командасында болды. Орталық жартылай қорғаушы оның алдында Қарағандының «Шахтерінің» сапында ойнаған. Одан бөлек, Петропавлдың «Қызыл-Жар» командасында өнер көрсетті.

Бетті дайындаған – Бек ТӨЛЕУ

«ҚАЗАҚ ҮШІН ЕРЕКШЕ ҚУАНЫП ТҰРМЫН»

ШЫҢЖАҢ ҚАЗАҒЫ АҚНАР АДАҚҚЫЗЫ ҚЫТАЙ ҚҰРАМАСЫ САПЫНДА КОНЬКИДЕН ПЕКИН ОЛИМПИАДАСЫНА ҚАТЫСЫП ЖАТЫР. ЖАРЫСТАН СОҢ ҚАЗАҚ КОНЬКИШІДЕН КАРЬЕРАСЫ, ОТБАСЫ, ШЫҢЖАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖАЙЛЫ СҰРАҒАН ЕДІК.

3000 метрлік жарыс. 22 жастағы Ақнар Адаққызы германиялық 49 жастағы Клаудия Пехштейнмен бірге жарыс жолына шықты. Ақнар мұндай ірі жарысқа алғаш қатысып жатса, Пехштейн үшін бұл тоғызыншы олимпиада. Германия конькишісі 1994 жылы Лиллехаммерде, 1998 жылы Наганода олимпиада чемпионы болған кезде Ақнар дүниеге келмеген еді.

Пекинде 3000 метрлік жарыста Адаққызы 17-орын, Пехштейн 20-орыннан көрінді. Жарыстан кейін тілшілер конькишімен тілдесті.

– Қазақ үшін ерекше қуанып тұрмын. Аз ұлт атынан жарысқа қатысу, олимпиадада күрескерлік таныту мен үшін мақтаныш. Мемлекетім үшін жарысқа қатысу – мен үшін абырой, даңқты іс. Мұны айтып жеткізу мүмкін емес, қатты толқып тұрмын. Өз елімде бірінші рет осындай ірі жарысқа қатыстым. Бұл – болашағым үшін үлкен бастама. Осы жарыстан алған тәжірибем мен рухымды келесі жарыстарға пайдаланамын деп үміттенемін. Отбасым Шыңжаңда теледидардан көріп, қуанып отырған шығар, – деді спортшы.

Ақнарға ұйғыр, қазақ және басқа да мұсылмандарға қысым жасалып жатқаны жайлы да сұрақ қойдым. Бұл сауалды халықаралық агенттіктің тілшілері де сұрады.

– Қазір олимпиадаға көңіл бөліп, сол туралы айтсақ, – деп ол бұл сұраққа жауап беруден бас тартты.

БҰҰ мен басқа да халықаралық құқық қорғаушылар Пекин Шыңжаңда миллионға жуық ұйғыр, қазақ және басқа да мұсылмандарды лагерлерге жазықсыз қамап, жұмысқа жегіп, бала тууды шектеп жатыр деп мәлімдеген. АҚШ, Ұлыбритания, Австралия бастаған бірнеше ел Шыңжаңдағы жағдайға байланысты Пекин олимпиадасына дипломатиялық бойкот жариялаған еді.

Қытай спортшылары Пекин олимпиадасында дипломатиялық бойкот жайлы айтудан қашатыны байқалады.

Ақнар олимпиадада жүлде алу және әлемдік лидерлермен бәсекелесу қиын екенін түсінеді.

– Жарысқа шыққанда өзімнен өзім бәсекелестім. Бар күшімді салып сығанап, бұрынғы "өзімді" жеңдім. Себебі олимпиадада жеке нәтижемі жақсарттым. Яғни, бұрынғы жарыстармен салыстырғанда жақсы нәтиже көрсеттім, бірақ әлі жақсартуға мүмкіндік бар. Қай жерден әлсіз екенімді сеземін. Бұл олимпиадада жүлде жайлы ойламаймын, бастысы жарысқа қатысып, ләззат алсам болды. Алдағы жарыстарда жақсы нәтиже көрсетуге тырысамын. Атақты неміс спортшымен (Клаудия Пехштейнді айтады – ред.) бірге жарысқан да рух сыйлады. Себебі бұрын оны теледидардан ғана көріп, оған еліктейтін едім, енді бірге жарысқа түстім, – деді ол.

АҚНАР ОЛИМПИАДА ЖОЛДАМАСЫН ҚАЛАЙ АЛДЫ?

Ақнарды "Қытай конькишінің атасы" атанып кеткен Синь Цяньшань жағтықтырады. Конькиден Қытайдан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы



Ян Янды баптаған Цяньшань Ақнар жайлы Sports Data Warehouse агенттігіне "нәтижесі қатты жақсарды, бірақ әлемдік мықтылармен бәсекелесу үшін әлі көп жұмыс істеу керек" деген.

Шыңжаң өлкесі Құтыби ауданында дүниеге келген Ақнар 2009 жылы шорт-трекпен айналыса бастайды. 2012 жылы әкесі қатты ауырып, өмірден өткен соң анасы Хайнұрға көмектесу

үшін жаттығуын тоқтатады. Кейін 2014 жылы мұз айдында қайта оралып, Шыңжаң өлкесінің чемпионатында бестікке еніп, аймақтың құрамасына қабылданады.

Бірақ шорт-трек спортынан Қытайдың ішіндегі бәсекелестік тым жоғары болған соң 2018 жылы коньки спортына ауысқан. Конькиге ауысқан соң алты айдың ішінде Ақнар Хельсинкиде өткен жастар арасындағы әлем кубогында 1500 метрде күміс медаль алған еді.

Ал 2019 жылы конькиден алғаш рет Қытай чемпионатына қатысып, 5000 метрде алтын, 3000 күміс медаль иеленді. Бұған қоса, 2021 жылы 3000 метрге жүгіруден де Қытай чемпионы атанып, Пекин олимпиадасына жолдама алған.

Sports Data Warehouse агенттігіне берген сұхбатында Ақнар "қиын сәттеріме анам қолдау білдіргенін" айтқан. Ал анасы Хайнұр "қызым жаттығуда жүргенде үйді сағындым, қайтамын деп жиі жылайтын. Бірақ жұбатып, еңбектен деп айтамын едім" деген.

Ақнар жұрты қысым көріп, аңдула өмір сүріп жатқан Шыңжаң өлкесінен олимпиадаға қатысып жатқан санаулы спортшының қатарында. Шыңжаңда туған қазақтар Қадыс Беделхан мен Бәния Жәлен шаңғыдан Пекинде жарыс жолына шығады.

Осыған дейін Қытай шыңжаңдық шаңғышы, ұлтты ұйғыр Динигер Йиламуцзянды олимпиада алауын жағуға таңдаған еді. Халықаралық ұйымдар мен сарапшылар Қытай ұйғыр спортшысына алау жақтыруын "әдейі жасалған іс" деп сынға алған.

Руслан МЕДЕЛБЕК,
Азаттық радиосының тілшісі.
Арнайы «Қазақ спорты» үшін,
Бейжіңнен (Қытай)

«ЖАСЫ КЕЛДІ». ГАЛЫШЕВАНЫҢ ОЛИМПИАДАДАҒЫ ЖЕҢІЛІСІНЕ НЕ СЕБЕП?



Юлия Галышева Бейжің олимпиадасында. 6 ақпан 2022 жыл.

ПЕКИН ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДАСЫНДА ФРИСТАЙЛДЫҢ МОГУЛ ТҮРІНЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЮЛИЯ ГАЛЫШЕВА ДА МЕДАЛЬ ИЕЛЕНЕ АЛМАДЫ. 2018 ЖЫЛҒЫ ПХЕНЧХАН ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ ҚЫТАЙДАҒЫ ОЙЫНДАРДА ҚАТЕЛЕСІП, ҮЗДІК АЛТЫЛЫҚҚА ДА ЕНБЕЙ ҚАЛДЫ.

ГАЛЫШЕВАНЫҢ ҚАТЕЛІГІ

Олимпиада алдында әр спорт түрінен жүлдеге болжам жасайтын америкалық Gracenote сараптама орталығы қаңтарда "Юлия Галышева могулдан Пекин ойындарында күміс алады" деп болжаған еді. Ал олимпиада басталғанда

орталық сарапшылары болжамдарын қайта өзгертіп, Галышеваны жүлдеге ілінетіндер қатарынан алып тастап, 4-орынға ысырған.

Бірақ 29 жастағы Галышева Қытайда суперфиналға шыққан үздік алтылықтың қатарына ене алмады. Спортшы бірінші финалда 74,97 ұпай алып, екінші финалда 7-орынмен шыққан еді. Екінші финалда бір трамплиннен секіру кезінде қателесіп, суперфиналға



Аяулым Әміренова олимпиада ойындарында. 3 ақпан 2022 жыл.

өтпеді. Галышеваның нәтижесі – 11-орын.

Спортшы үшін 2020-2021 жылғы қысқы маусым сәтті болып, Алматыда өткен әлем чемпионатында могулдан күміс алған еді, бірақ биылғы 2021-2022 жылғы қысқы маусым Галышева үшін сәтсіз болды. Себебі биылғы маусымда ол әлем кубогы кезеңдерінде де үштікке ене алмады. Ұлттық құраманың бас бапкері Елена Круглыхина Галышеваның жаракаты барын айтып, биылғы қысқы маусымдағы сәтсіздіктерді сонымен байланыстырған еді.

Галышева олимпиададағы сәтсіздігінен кейін журналистер алдына шықпады, нәтижесіне

қатысты әзірше ешқандай пікір білдірмеді.


Пекин олимпиадасында могулдан сынға түскен 16 жастағы Анастасия Городко 21-орын, 20 жастағы Аяулым Әміренова 22-орын, 17 жастағы Олеся Граур 28-орыннан көрінді. Олимпиада алтынын австралиялық 23 жастағы Джакара Энтони, күмісті америкалық 25 жастағы Джеллин Коф, қоланы ресейлік 19 жастағы Анастасия Смирнова иеленді.

Руслан МЕДЕЛБЕК,
Азаттық радиосының тілшісі.
Арнайы «Қазақ спорты» үшін,
Бейжіңнен (Қытай)

ВЕСЁЛЫЕ СТАРТЫ

СО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ 60-Х ГОДОВ И ДО НАЧАЛА 90-Х НА ЛЕДОВЫХ АРЕНАХ СССР БЛИСТАЛА ДРУЖИНА АЛМАТИНСКОГО "ДИНАМО". ВЕДОМАЯ ТРЕНЕРСКИМ ДУЭТОМ ЭДУАРД АЙРИХ - КАЗБЕК БАЙБУЛОВ, А ЗАТЕМ И ИХ ВОСПИТАНИКОМ БОРИСОМ ЧЕХЛЫСТОВЫМ, ЭТА ХОККЕЙНАЯ КОМАНДА СОБИРАЛА ЗИМОЙ ПОЛНЫЕ СТАДИОНЫ.

Хоккей с мячом тогда во всем Союзе, в том числе и в Казахстане, был невероятно популярен. Сейчас, увы, об этом приходится только мечтать. Но в памяти болельщиков остались не только рекорды, голы и звания, но и интересные, поучительные, а порой и забавные истории,



Казбек БАЙБУЛОВ

произошедшие с игроками и тренерами алматинского "Динамо".

В спорте есть тренеры, которые творчески относятся к каждому занятию. Таким был и Казбек Давлетбекович Байбулов.

Ни одно занятие, проводимое им, не было похоже на предыдущее. На тренировки динамовцев Алматы приходили смотреть многие известные специалисты. Особенно наставники соперников. Вот какой случай рассказал Борис Александрович Чехлыстов: - Мы были на выезде. За тренировкой, которую проводил Казбек Давлетбекович, как всегда, наблюдали россияне. После завершения занятий один авторитетный специалист подошел к Байбулову и, обняв его, сказал: "Ты не тренировку проводишь. Ты концерт для души давал". Не раз мы слышали и лестные отзывы о наших занятиях и от прославленных игроков. К примеру, Евгений ПАПУГИН и Валерий МАСЛОВ говорили: "Вот почему алматинские динамовцы так здорово играют?" Ни одна команда Советского Союза не проводила такие тренировки. Даже московское "Динамо", костяк которой составляли члены национальной сборной.

Уделяли наши наставники внимание не только тактике и стратегии, но и физическим упражнениям. Байбулов все время твердил: "Если вы выдержите два тайма и еще сыграете на таком же уровне дополнительный матч, вам равных не будет". Так готовил он спортсменов морально и психологически. Через некоторое время динамовцы рвали всех. Забивали очень много. Россияне все время шутили над казахстанцами: "Урюки приехали и забил град мячей". И это правда. Некоторые соперники считали за честь, что в их воротах побывало меньше десяти голов.

Были даже случаи, когда хозяева отправляли своих парламентариев в

раздевалку к казахстанцам. "Много не забивайте", - просили они. Ведь были случаи, когда и по двадцать раз за матч поражали ворота соперника алматинцы.

- Выступали как-то в Омске, - вспоминает Борис Чехлыстов. - После первого тайма ведем уже 6:0. К нам приходит в раздевалку руководитель омского клуба по фамилии МУХА и говорит: "Ребята, просьба много нам не забивать. У нас на трибуне сегодня партийные работники города. Могут нас не понять". Мы бы рады. Да вот ноги сами несли к воротам соперников. Накидали им "полные штаны". Аналогичные просьбы были в Иркутске, Новосибирске и других городах России.

Было это в конце 60-х годов. Приехали хоккеисты алматинского "Динамо" в Горький (нынче Нижний Новгород) на очередную календарную игру против местного "Старта". На улице мороз под сорок градусов. В такую погоду хороший хозяин собаку на улицу не выгонит. А наставник алматинцев Казбек Байбулов назначил тренировку. Хоккеисты пришли в раздевалку, а переодеться не хотят. Казбек несколько раз забежал к ним: "Ну что, давайте потренируемся. Время идет", - говорил он. Но игроки не торопились. А вдруг отменяют тренировку. В такой мороз какие занятия?

Но наставник был непреклонен. И тогда полузащитник Валентин СЕМЕНОВ решил помочь своему тренеру. Подходит он к нападающему Юрию ВАРЗИНУ и говорит: "Давай поспорим на литр водки, что я сейчас в одной маечке и трусах выеду на



С мячом Юрий ВАРЗИН

стадион и промчусь два круга по беговой дорожке". Все ждут развязки. А Варза возьми да и скажи: "Струсишь. Посмотри, какой жуткий холод на улице. Сразу все отморозишь к чертовой матери. Потом без наследника останешься".

Но Валентин сказал ребятам: "Вы будете свидетелями. Поехали, одевайтесь". И, как рассказал ныне здравствующий Борис Чехлыстов, все ребята быстро оделись и выскочили на лед лицезреть это действо. Семенов действительно под аплодисменты и хохот своих партнеров проехал два круга в трусах и майке и забежал под трибунное помещение стадиона. А ребята получили заряд

бодрости и урок мужества от своего друга. И в охотку откатали очередную тренировку.

На другой день они снова вышли на лед, уже в официальном матче. Теперь Варзин поспорил с Семеновым, что забьет в этой встрече гол. И забил. Никто никому должен не остался. Они оба помогли своему клубу одержать победу. А такие споры между ними продолжались и в дальнейшем. И всегда шли на пользу коллективу.

Юрия Варзина, приехавшего в 1966 году из свердловского СКА в алматинское "Динамо", уважали не только болельщики - с ним считались и хоккеисты.

- Более талантливый игрока я не видел, - говорит его партнер по атаке Борис Чехлыстов. - Не случайно он четырежды выигрывал чемпионат мира в составе сборной СССР. И в "Динамо" он не растерял свой талант. Хотя перед отъездом в Алма-Ату наставники национальной команды на нем поставили крест. Дело в том, что Юрий Федорович частенько нарушал спортивный режим. Но на площадке преобразился...

- Это был очень талантливый

игрок, - рассказывал другой его партнер Александр ИОНКИН.

- Он умел читать игру. Мог такое сотворить на льду - никому даже во сне не приснится! Находил брешь в обороне соперников и поражал ворота. У него был дар форварда от природы. Просто диву даешься таким действиям. Надо было учебники в ту пору по нему писать.

Ветераны еще рассказали, как Варза не попал в список сборной СССР на очередной чемпионат мира. А тут игра в Москве против одноклубников из столицы. Что творил в этом матче Варзин, описанию не подлежит! Он оборону москвичей просто затерроризировал. И издевательски забил мяч.

- Не успели мы после встречи в раздевалку зайти, - продолжает Борис Чехлыстов, - а там уже главный тренер сборной СССР Василий Дмитриевич ТРОФИМОВ. Он и говорит Эдуарду Фердинандовичу Айриху: "Завтра вы будете в Алма-Ате, а послезавтра чтобы документы на Варзина были у меня". И он включил Юру в состав сборной. По информации time.kz

Алим АНАПЬЯНОВ



Борис ЧЕХЛЫСТОВ



Александр ИОНКИН

ОЛИМПИЙСКИЙ ФИНАЛ: ИТОГИ СОРЕВНОВАТЕЛЬНОГО ДНЯ ОИ-2022 С УЧАСТИЕМ КАЗАХСТАНСКИХ СПОРТСМЕНОВ



В ПЕКИНЕ ЗАВЕРШИЛСЯ ОЧЕРЕДНОЙ СОРЕВНОВАТЕЛЬНЫЙ ДЕНЬ (09.02.2022) ОЛИМПИЙСКИХ ИГР-2022 С УЧАСТИЕМ КАЗАХСТАНСКИХ СПОРТСМЕНОВ. АТЛЕТЫ СБОРНОЙ ВЫСТУПИЛИ В ТРЕХ ВИДАХ СПОРТА, ГДЕ НАИВЫСШИЙ РЕЗУЛЬТАТ ПРИНАДЛЕЖИТ ШОРТ-ТРЕКИСТАМ, СООБЩАЕТ OLYMPIC.KZ.

Первой, кто выступил 9 февраля, стала горнолыжница Александра Тронцкая. В слаломе ей предстояло совершить две попытки, по итогам которых складывался бы ее итоговый результат. Однако она не смогла финишировать во время первого спуска, тем самым прекратив борьбу на Олимпиаде-2022.

Впервые на Олимпиаде выступил казахстанец в лыжном

двоеборье. В этом виде спорта страну представил Чингиз Ракпаров. Первым видом программы стали прыжки на лыжах с трамплина. Ракпаров показал 79.5 метра, набрав в итоге 69.9 балла. Согласно системе Гундерсена, на старт второго вида соревновательной программы - лыжной гонки - он вышел 38-м с отставанием от лидера в 4 минуты 12 секунд. В гонке на 10 километров



Чингиз финишировал 41-м из 44-х участников.

Очень насыщенным получился день для шорт-трекистов, апогеем выступлений которых стал финал с участием Адиля Галихаметова. Спортсмен пробился в главный забег на дистанции 1500 метров, составив конкуренцию многим именитым спортсменам - за медали также бились олимпийские чемпионы и призеры ОИ братья Шаолин и Шаоанг Лю (Венгрия), победитель Олимпиады россиянин Семен Елистратов, чемпион мира из Южной Кореи Хван Джен.

В итоге победителем интригующей борьбы вышел Хван Джен. На второе место пробился

канадец Стивен Дюбуа, а Семен Елистратов финишировал третьим (судьбу второго и третьего мест решил фотофиниш). Галихаметов в свою очередь показал восьмой результат. Впереди у него еще один старт. Он выступит на дистанции 500 метров.

В этом же виде выступил и Денис Никиша. Однако в 1/4 финала он совершил падение, получив от судей штраф. Также после контакта с соперницей упала и Ольга Тихонова. В своем забеге на дистанции 1000 метров казахстанка стала третьей. Данный результат не позволил ей пройти в следующий круг.

Фото пресс-служба НОК Казахстана

ЛЁД ТРОНУЛСЯ

ХОККЕЙНАЯ КОМАНДА БАЛХАША ВЫНУЖДЕНА ТРЕНИРОВАТЬСЯ НА ЛЬДУ ОЗЕРА. ВСЕ ПОТОМУ, ЧТО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬ, КОТОРЫЙ ВЗЯЛ МЕСТНЫЙ СТАДИОН В ДОВЕРИТЕЛЬНОЕ УПРАВЛЕНИЕ, НЕ ПОДГОТОВИЛ ПЛОЩАДКУ ДЛЯ КАТАНИЙ.



Лёд озера для занятий подготовили сами спортсмены, тренировки проходят по расписанию. Чиновники обратили внимание на жалобы спортсменов только после шквала критики в соцсетях.

«Ледовое покрытие находится в неудовлетворительном состоянии. Поэтому нет возможности качественно проводить

тренировочный процесс для команды по хоккею. Таким образом, доверительному управляющему рекомендовано в кратчайшие сроки привести в порядок ледовое покрытие и обеспечить условия для массового катания и тренировок по хоккею», - сказал Далелбек Нурбек, специалист отдела спорта акимата Балхаша.

В ЯБЛОЧКО

ЮНЫЕ ЛУЧНИКИ ПОКАЗАЛИ СВОЁ МАСТЕРСТВО В МАНГИСТАУ. СОРЕВНОВАНИЯ ПО НАЦИОНАЛЬНОМУ ВИДУ СПОРТА ПРОШЛИ В ЖЕТЫБАЕ, РАССКАЗАЛ РУКОВОДИТЕЛЬ КАРАКИЯНСКОГО РАЙОННОГО ОТДЕЛА КУЛЬТУРЫ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА ДУЙСЕНБАЙ АТАГАРАЕВ.



Чемпионат по стрельбе из лука был посвящён 100-летию дважды Героя Советского Союза Талгата Бигельдинова и был организован управлением физической культуры и спорта Мангистауской области в минувший четверг, 3 февраля.

Участниками стали юноши 2003-2010, 2011-2014 годов рождения из районов и городов региона. Стрельбы проводились по принципу индивидуального зачёта.

Победителей и призёров наградили кубками, медалями и дипломами. Также были вручены ценные подарки.

«БУДЕМ ДЕЛАТЬ БОЛЬШИЕ ДЕЛА»

БОБ АРУМ АНОНСИРОВАЛ СОТРУДНИЧЕСТВО С КАЗАХСТАНСКОЙ ПРОМОУТЕРСКОЙ КОМПАНИЕЙ



Представители казахстанской промоутерской компании Suleimen Promotions встретились с главой Top Rank Бобом Арумом и пригласили его на юбилейную, 60-ю конвенцию WBC в Казахстане, передает корреспондент Vesti.kz.

Руководители казахстанской организации Ибрагим и Халиолла Акдрашевы, а также Танат Нуршин встретились с легендарным промоутером и обсудили его приезд в Казахстан и дальнейшее сотрудничество.

"Спасибо, и хочу сказать, что с нетерпением жду приезда в Казахстан на 60-летие конвенции WBC. В прошлый раз были с женой в Казахстане. Мы прекрасно провели время. Особо хотел выделить гостеприимство. Я люблю казахстанцев. Надеюсь, с командой из Suleimen Promotions будем делать большие дела по всему миру. Алга, Казахстан!" - отметил Арум.

Отметим, что юбилейная, 60-я конвенция WBC (Всемирного боксерского совета) пройдет в сентябре в Казахстане.

ПЕРЕШЛА В РОССИЙСКИЙ КЛУБ

ПОЛУЗАЩИТНИК НАЦИОНАЛЬНОЙ СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА КАРИНА ЖУМАБАЙКЫЗЫ ПОДПИСАЛА КОНТРАКТ С РОССИЙСКИМ "РЯЗАНЬ-ВДВ", СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА КФФ.

Жумабайкызы стала третьим игроком сборной в России: ранее в "Енисей" перешла Анда Гайстенова, в ЦСКА - Юлия Мясникова.

"Карина уже успела провести первую тренировку в составе новой команды", - информирует источник.

Новый клуб казахстанки является четырехкратным чемпионом России (1999, 2000, 2013, 2018) и двукратным обладателем Кубка страны (1998, 2014).

ЗИМНИЙ МАРАФОН

КАРАГАНДИНСКИЙ УЛЬТРАМАРАФОНЕЦ НАМЕРЕН ПРЕОДОЛЕТЬ 440 КИЛОМЕТРОВ. ОН УЖЕ ВНЕСЁН В КАЗАХСТАНСКУЮ КНИГУ РЕКОРДОВ. В ПРЕСС-СЛУЖБЕ АКИМАТА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ СООБЩИЛИ, ЧТО СОТРУДНИК УПРАВЛЕНИЯ ВОЕННОЙ ПОЛИЦИИ ЗАНГАР АЛКЕНОВ ГОТОВИТСЯ К НОВОМУ УЛЬТРАМАРАФОНУ.

«Это будет моё финальное выступление. Спортом заниматься, конечно, не брошу, буду поддерживать физическую форму, но без марафонов. В этом году хочу покорить 440 км. Сейчас мы разрабатываем маршрут. Это достижение я хочу приурочить к 30-летию Вооруженных сил Казахстана», - рассказывает Алкенов.



В мае прошлого года он пробежал расстояние в 320 км. Рекордный забег фиксировался с помощью специальных датчиков, отслеживался мейками и занял почти 45 часов.

У ультрамарафонца немало достижений. Он мастер спорта по казах күресі, кандидат в мастера спорта по дзюдо. После травмы в 2012 году

боевые искусства сменил на бег на длинные дистанции.

"Сон - 48 часов, отдых - каждые 40 километров. Думаю, что всё пройдет на хорошем уровне. Если этот марафон будет успешным для меня, то планирую на следующий год пробежать 1 000 километров по маршруту Караганда - Алматы", - говорит Зангар.

ЧТО ДАЛЬШЕ?

В UFC ОТРЕАГИРОВАЛИ НА ТРЕТЬЮ ПОБЕДУ ШАВКАТА РАХМОНОВА (15-0) В ПРОМОУШЕНЕ И ПРЕДПОЛОЖИЛИ, С КЕМ КАЗАХСТАНЕЦ МОЖЕТ ПРОВЕСТИ ТРЕТИЙ ПОЕДИНОК.



Последним соперником Шавката стал Карлстон Харрис (17-5) из Гайаны. После победы над ним казахстанец обратился к президенту UFC.

"Все было готово для того, чтобы Шавкат Рахмонов сделал шаг назад в прошлую субботу вечером. Для большинства статус непобежденного и два финиша в UFC повышают уровень шумихи и заставляют потенциального бойца начать немного верить в эту шумиху. Тогда страдают выступления. Но только не Рахмонов, который был впечатляющим, как никогда, нокаутировав парня, у которого было достаточно навыков и опыта, в лице Карлстона Харриса. Когда все закончилось, стало ясно, что у Рахмонова есть не только талант, но и настрой, способный встряхнуть дивизион полусреднего веса. Что дальше? Джефф Нил", - пишет сайт организации.

КАПИТАН КОМАНДЫ

КОРЛАН ЖАКАНША СТАЛ НОВЫМ КАПИТАНОМ СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА ПО ГРЕКО-РИМСКОЙ БОРЬБЕ, СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА КАЗАХСТАНСКОЙ ФЕДЕРАЦИИ ПО ВИДАМ БОРЬБЫ.

Жаканша является призером чемпионата мира, чемпионатов Азии, а также чемпионата мира среди военнослужащих. 29-летний борец выступает в весовой категории до 55 килограммов.

Его брат-близнец Баглан в 2021 году дебютировал в ММА. Отметим, что предыдущий капитан Алмат Кебиспаев завершил выступления и начал тренерскую карьеру.

БОЙ НА ШПАГАХ

СПОРТСМЕНКА ИЗ КАЗАХСТАНА СОФИЯ НИКОЛАЙЧУК СТАЛА ТРЕТЬЕЙ НА ЮНИОРСКОМ ЭТАПЕ КУБКА МИРА ПО ФЕХТОВАНИЮ НА ШПАГЕ В КИЕВЕ.



На сайте Olympic.kz сообщается, что спортсменка дошла до полуфинала турнира. В этом раунде ей противостояла россиянка Яна Бекмурзова. Сильнее оказалась соперница.

К слову, Бекмурзова в итоге завоевала золотую медаль, победив в финале соотечественницу Анастасию Назарову.

ПОД МУЗЫКУ АБАЯ

ЛАТВИЙСКИЙ ФИГУРИСТ ДЕНИС ВАСИЛЬЕВ ВЫСТУПИЛ В КОРОТКОЙ ПРОГРАММЕ НА ОЛИМПИАДЕ-2022 ПОД КОМПОЗИЦИЮ АБАЯ КУНАНБАЕВА "АЙТТЫМ СӘЛЕМ, ҚАЛАМҚАС", СООБЩАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ VESTI.KZ.

За свое выступление Васильев набрал 85,30 балла и занял промежуточное седьмое место. В четверг, 10 февраля, на Играх-2022 пройдет произвольная программа среди мужчин.

В конце января на чемпионате Европы по фигурному катанию Васильев выиграл бронзовую медаль. Это его высший успех в карьере и лучший результат в истории латвийского фигурного катания. Для Васильева Олимпиада в Пекине стала второй в карьере. В Пхенчхане-2018 он занял 19-е место.

Его тренером является Стефан Ламбель - друг казахстанского фигуриста Дениса Тена. Вероятно, поэтому была выбрана композиция Абая.



